...РЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...Ы ТУЫ

..., ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
...АЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

...раль Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тиын.


**Облысымыздың еңбекшілері сайлау күнін үстіміздегі жылдың өндірістік міндеттерін орындауда жаңа табыстармен қарсы алуға, жергілікті өкмет орындарын сайлауда халықтың таңдаулы ұл-қыздарына—коммунистер мен партияда жоқтардың сталиндік блогінің кандидаттарына біркісідей дауыс беру үшін қызу әзірленуде.**

## ...н үгіт

кандидат етіп
Қанафиянованы

...ер сайлауының
Бұл кездегі ең
...ыққа ұсынылған
үгітті мейлінше
...гия, совет ұйым-
...дағы саяси үгіт
...осы міндетті жү-
...ы керек.
...ен сайлауларда
..., оны өткізу жө-
Үгітшілердің ба-
арасында бірне-
...еле жатқан тәж-
...аналады. Ендеше
...дағы, оны өткі-
...крибені кеңінен
кандидаттарды
жүргізуіне жеті-

...н үгіттің мазмұ-
...ыларды ұсыныл
...баянымен жөн
...ру болса, екінші

*Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары*

## Колхоз председателі Еслэм Баукенов

Январь. Колхоз клубының кең залы лық толы адам. Мұнда колхоздың есеп беру-сайлау жиналысы өтіп жатыр.

Мінбеде орта бойлы, кең иықты жігіт. Ол әрбір сөзін салмақпен сөйлеп, колхоздың бір жыл ішіндегі жұмысын қорытып айтып тұр.

—Еслэм, колхоздың іріленгенге дейін және іріленгеннен кейінгі табыстарын да айтсаңыз екен,—деді соңғы қатарда отырған колхозшылардың бірі мінбедегі жігітке.

Бұл сұраққа бөгелместен жауап беріп, —263.000 және 1.000.000,— деп екі цифрды атады.

Бірінші цифр—мұнан екі жыл бұрынғы ауылшаруашылық іріленбеген үш ұсақ артельдің жылдық табысы еді. Екінші цифр—сол үш артельдің қосылғаннан кейінгі іріленген шаруашылықтың табысы.

1950 жылы ұсақ үш артель бірлесіп, шаруашылықтарын ірілендірді. Сөйтіп, ол үш артель «Луч Ленина» колхозы атанды. Колхоз мүшелері өздерінің алғашқы жыйартелі — жалғыз Петропавл ауданында емес, облыстағы көп салалы шаруашылықтары бар артельдердің бірі. Сталиндік бесінші бесжылдықтың өткен алғашқы екі жылының ішінде колхоздың егіс көлемі біржарым есе көбейді. Қазір мұнда егіс көлемі 4 мың гектарға жуық. Осы уақыттың ішінде колхоз қоғамдық малдың басы мен оның өнімділігін арттыру жөнінде де айтарлықтай табыстарға ие болды.

Колхоздың өткен жылғы табысы көп. Агротехникалық ережелерді қатаң сақтаудың, бай техниканы дұрыс пайдаланудың нәтижесінде артель көктемгі егіс және егін жыйнау жұмыстарын ойдағыдай өткізді. Ол бітік егін өсіріп, мол өнім жыйнады, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады, көктемгі егіске қажетті тұқым қорымен толық қамтамасыз етілді.

—Қазір ауылшаруашылық артелі,—дейді Еслэм Баукенов жолдас, —мал қыстату маусымын ұйымшылдықпен өткізуде. Қоғамдық мал қажетті жемшөп қорымен

Бесінші бесжылдықтың стахановшысы

## Жаңалық тапқыш Л. Пошивалкин



